


ЖИНАЗ ӨНЕРКӘСІБІ

2021ж. қаңтар-тамыз



40,4
МЛРД. ТЕҢГЕ



116,0%
ФКИ

- Меб. для офисов
- Проч. мебель
- Кух. мебель
- Матрацы

\$3,7 МЛН.




ЭКСПОРТ



НАРЫҚ

\$191,4 МЛН.




ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша
2021 ж. қаңтар-шілдедегі деректер

ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС, МЛН. ТЕҢГЕ

Г.АЛМАТЫ	18 889
ПАВЛОДАРСКАЯ	2340
АЛМАТИНСКАЯ	2305
АКМОЛИНСКАЯ	2276
ҚАРАГАНДИНСКАЯ	2017
ТҮРКЕСТАНСКАЯ	1993
Г.ШЫМКЕНТ	1652
КОСТАНАЙСКАЯ	1495
ВКО	1439
ЗКО	1353
Г.НҮР-СУЛТАН	1347
СКО	1147
АКТЮБИНСКАЯ	866
ЖАМБЫЛСКАЯ	502
МАНГИСТАУСКАЯ	346
АТЫРАУСКАЯ	341
КЫЗЫЛОРДИНСКАЯ	103



2021 жылғы қаңтар-тамыздағы жиһаз өнеркәсібі

Жиһаз өнімі өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда 40,4 млрд. теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы тиісті кезеңдегі көрсеткіштен 15,5 млрд. теңгеге жоғары. Саланың ФКИ есепті кезеңде едәуір өсті және 116,0% құрады.

ФКИ өсуі саланың барлық секторларында қамтамасыз етілген.

Сонымен бірге, өндіріс көлемінің ең жоғары өсуі сауда кеңселері мен кәсіпорындарына арналған жиһаз өндірісінде (1,5 есе) және басқа да жиһаз өндірісінде (1,5 есе) байқалады.

2021 жылғы қаңтар-тамызда заттай көріністе кеңсеге арналған ағаш жиһазы (1,7 есе) және негізінен металл каркасты отыруға арналған арнайы жиһаз (1,5 есе) өндірісі көлемінің едәуір өскендігі байқалады, бұл, саланың ФКИ өсуіне ықпал етті. Сонымен қатар, ас үйге арналған жиһаз өндірісінің көлемі 4,4%, асхана мен қонақ бөлмеге арналған ағаш жиһаз өндірісінің 13,9% төмендеді.

Аумақтық кесінде жиһаз компаниялары еліміздің барлық өңірлерінде орналасқан. Сонымен қатар, еліміздегі жиһаз өнімі көлемінің жартысына жуығы Алматы қ. өндіріледі (46,7%).

Жиһаз өнімініңшікі тұтыну нарығы 2021 жылғы қаңтар-шілде қорытындысы бойынша **272,8 млн. АҚШ долл.** құрады (115,8 млрд. теңге), бұл, 2020 жылғы тиісті кезең көрсеткішінен 84,4 млн. АҚШ долл. жоғары.

Сонымен қатар, ішкі нарықта отандық тауар өндірушілер өнімінің үлесі 2,6 пайыздық тармаққа өсті және 29,8% құрады. Бұл ретте, импорт жиһаз өнімінің үлес салмағы жалпы тұтыну көлемінде 2,6 пайыздық тармаққа төмендеді және 70,2% құрады.

COVID-19 күрес бойынша карантин шараларын жеңілдету аясында **отандық компаниялар ішкі жиһаз нарығының дағдарыс кезінде жоғалған үлесін қалпына келтіре бастағандығын** атап өткен жөн.

Жиһаз өнімі экспортының көлемі 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда ақшалай көріністе 2,0 есеге өсті және 3650,2 мың АҚШ долл. құрады, ал, заттай көріністе - тиісінше 5,1 есе және 4,0 мың тонна.

Жиһаз өнімі экспорты көлемінің өсуіне ағымдағы жылы отандық жиһаз өнеркәсібі өнімін өндіру көлемінің өсуі және көрші елдерде жиһаз өніміне сұраныстың өсуі ықпал етті.

Сала экспортының тауарлық құрылымында негізгі көлемді пластмассадан жасалған жиһаз экспорттың жалпы көлемінен 35,9%, әр түрлі металл жиһаз (12,0%) және әр түрлі ағаш жиһаз (10,4%) құрайды.

Жиһаз өнімі экспортының негізгі көлемі Өзбекстанға (экспорттың жалпы көлемінен 32,7% немесе 1193,0 мың АҚШ долл.), Ресейге (23,6% немесе 862,2 мың АҚШ долл.), Қырғызстан (19,4% немесе 706,4 мың АҚШ долл.), Арменияға (7,4% немесе 271,2 мың АҚШ долл.) және Тәжікстанға (4,7% немесе 173,2 мың АҚШ долл.) жіберілді.

Жиһаз өнімі импортының көлемі 2021 жылғы қаңтар-шілдеде ақшалай көріністе 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 39,7% өсті және 191,4 млн. АҚШ долл. құрады, ал, заттай көріністе – 41,0% және 76,4 мың т.

Жиһаз саласының негізгі импортталатын өнімі: әр түрлі ағаштан жасалған жиһаз (51,1 млн. АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінен 26,7%), жатын бөлмеге арналған жиһазға ұқсас ағаштан жасалған жиһаз (27,7 млн. АҚШ долл. немесе 14,5%), ағаш каркасты отыруға арналған қапталған жиһаз (21,3 млн. АҚШ долл. немесе 11,1%), әр түрлі металл жиһаз (16,1 млн. АҚШ долл. немесе 8,4%), металл, ағаш, әр түрлі басқа да материалдардан жасалған жиһаз бөлшектері (11,8 млн. АҚШ долл. немесе 6,2%).

Импортталатын жиһаз өнімінің негізгі көлемі Ресейден (91,9 млн. АҚШ долл. немесе жалпы импорт көлемінен 48,0%), Түркиядан (25,3 млн. АҚШ долл. немесе 13,2%), Беларусиядан (22,2 млн. АҚШ долл. немесе 11,6%), Қытайдан (16,7 млн. АҚШ долл. немесе 8,7%) және Италиядан (11,1 млн. АҚШ долл. немесе 5,8%) келіп түседі.

Талдау Қазақстанда жиһаз импортының көлемі әлі де жоғары деңгейде екендігін көрсетті. **2021 жылғы қаңтар-шілдеде жиһаз импортының көлемі оның экспорт көлемінен 52 есеге асып түсті.**